

## **"Қазақ ақпарат агенттігі" республикалық қазыналық кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 30 қазан N 1467

"Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігі (ҚазМАА) туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қыркүйектегі N 3629 Жарлығын U973629\_ іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақ ақпарат агенттігі (ҚАА)" республикалық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - қазыналық кәсіпорын) құрылсын. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі қазыналық кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ оған қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісі функциясын жүзеге асырушы орган болып белгіленсін.

Қазыналық кәсіпорынның орналасқан жері - Ақмола қаласы, оның өкілдігінің орналасқан жері - Алматы қаласы.

2. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі: жоғарыда аталған Жарлыққа сәйкес қазыналық кәсіпорынның Жарғысын бекітіп, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіп бойынша оны тіркесін; қазыналық кәсіпорынның басшысын тағайындасын.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі қазыналық кәсіпорынды тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті:

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жойылған Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігін (ҚазМАА) тарату жөніндегі тарату комиссиясын тағайындасын; белгіленген тәртіппен қазыналық кәсіпорынға өз қызметін жүзеге асыруына қажетті Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігінің мүлкін беретін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі: 1997 жылға арналған бюджетте "Мәдениет саласындағы демалыс пен қызметті ұйымдастыру" функционалдық тобы бойынша "Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігі" мекемесіне көзделген қаражатты аталған функционалдық топ, "Мемлекеттік қолдау" бағдарламасы, "Қазақ ақпарат агенттігі" Ішкі бағдарламасы бойынша "Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" мекемесіне беретін болсын;

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің және Үкіметінің актілерін, басқа нормативтік құқықтық актілерді және мемлекеттік органдардың қызметі туралы

барлық ресми ақпаратты тегін тарату жөніндегі негіздемесін қарасын және он күн мерзім ішінде осы шығыстарды жабудың көзі туралы ұсыныстар енгізсін.

5. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің және Үкіметінің актілерін, басқа нормативтік құқықтық актілерді және мемлекеттік органдардың қызметі туралы барлық ресми ақпаратты қабылдауды және одан әрі аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарына беруді ұйымдастырсын.

6. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК